

"Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 755 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 59-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының с и п а т т а м а с ы б е к і т і л с і н .

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары туларының сипаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі № 445 Ж а р л ы ғ ы ;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі № 445 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 ақпандағы № 1148 Ж а р л ы ғ ы .

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы « »

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жалауларының сипаттамасы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жалауы тікбұрыш нысанды, ұзындығы - 145 см және ені - 115 см, үш жағынан алтын түстес шашақпен көмкерілген, көгілдір түсті (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы түстес) матадан жасалады. Матаның оң жағының орта тұсында Қазақстан Республикасының Елтаңбасы кестеленген. Кестеленген Елтаңбаның диаметрі - 50 см. Елтаңба периметрі бойынша алтын түстес қосарланған баумен көмкеріледі. Елтаңбаның үстіңгі жағында, матаның жоғарғы бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген алтын түстес жазу кестеленеді. Әріптердің биіктігі — 5,5 см. Елтаңбаның астыңғы жағында, матаның төменгі бөлігінде «ӨРТТЕН ҚОРҒАУ ҮШІН» деген алтын түстес девиз кестеленген. Девиздің әріптерінің биіктігі - 9 см. Матаның сырт жағының ортасында, «жел бағыты» мен халықаралық азаматтық қорғаныс белгісі (қою сарғыш түс шеңберіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген жер шарының айшықты контурының бейнесі кестеленген. Бейненің мөлшері - 80x58 см. Матаның жоғары жиегін бойлай алтын түстес әріптермен «МІНДЕТ, ӨЖЕТТІК, ЕРЛІК!» деген девиз кестеленген, биіктігі — 5,5 см. Матаның төменгі жиегін бойлай өртке қарсы қызметтің аумақтық бөлімшесінің (мемлекеттік мекемесінің) атауы алтын түспен кестеленген. Әріптердің биіктігі - 3 см. Жалаудың сабының жоғарғы жағы алтын түстес металл ұштыққа ұласады. Саптың ұзындығы - 3 м. Жалаудың бауы ширатылған, алтын түсті жібектен жасалады, баудың ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы - 2,5 м. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жалауы кестелеу, құрақтау және жібекпен өрнектеу техникасымен орындалады.